«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

# АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

## ХАТТАМА №1

**Өткізілген уақыты:**7 қыркүйек 2023 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Ата-аналарды балабақша ұжымымен таныстыру;
2. 2023-2024 жаңа оқу жылының іс-жоспарымен танысу.
3. Ата-аналар комитетін қайта сайлау.
4. «Балабақшаға балалардың бейімделу үрдісі»баяндама
5. Әртүрлімәселелер.

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бірінші мәселе бойынша,**бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. 1 меңгеруші, 1әдіскер-психолог, 1 музыка жетекшісі, 4 тәрбиеші бар екенін айтты.

**ШЕШІМІ**:

1. Ата-аналар балабақша ұжымымен таныстырылсын.

**2. ТЫҢДАЛДЫ**

**Екінші мәселе бойынша,**меңгеруші 2023-2024 жаңа оқу жылының іс-жоспарымен таныстырып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқары. атынын атап өтті. Балабақшаның жаңа оқу жылына қойып отырған міндеті тікелей балаға бағытталатынын және төменде көрсетілген міндетті ата-аналармен бірлесе атқаратынын айтты:

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды,анатілінсүюге,ұлттықбірегейлікпеназаматтықнегіздерінежәне патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер

беру.

- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойынарқылыоқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

**ШЕШІМІ**:

1. Ата-аналар 2023-2024 оқу жылының міндетімен таныстырылсын.

**3. ТЫҢДАЛДЫ**

**Үшінші мәселе бойынша**, ата-аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс тастады. Ата-ана бір ауыздан ата-аналар комитеті етіп ересек топтан М.Маханова , ортаңғы топтан А.Адилбекова ал, көмекшілері болып Г.Сапарова, Ұ.Құрбанова сайланды. Ата-аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

**ШЕШІМІ**:

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып М.Маханова, А.Адилбекова, ал көмекшілері болып Г.Сапарова, Ұ.Құрбанова сайлансын. **Жауапты**: ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері.

**4. ТЫҢДАЛДЫ**

**Төртінші мәселе бойынша**, бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева «Балабақшаға балалардың бейімделу үрдісі» атты баяндама оқылды. Онда балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңінде туындайтын қиындықтар мен оларды шешудің жолдары туралы айтты. Сонымен қатар, бейімделу үрдісінің кезеңдеріне тоқталды, ол әр баланың мінезіне байланысты өтетінін айта келе бұл қиындықтан ата-ана мен педагог бірге жол тауып шығатынына сендірді.

**ШЕШІМІ**:

1. Баяндама бір ауыздан мақұлдансын.**Жауаптылар**: ата-аналар мен тәрбиешілері.

Ата аналар төрайымы: М.Маханова А.Адилбекова

Мүшелері: Г.Сапарова Ұ.Құрбанова

«Ақарыс»бөбекжай- бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
**АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

**ХАТТАМА №2**

**Өткізілген уақыты:** желтоқсан 2023 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары.

2. Балалармен ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының есебі .

3. Әр түрлі мәселелер

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бірінші мәселе бойынша,**бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева сөз алып,балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Ата-аналар серуен кезінде ,үй жағдайында ,ойын барысында баланы жалғыз қалдыруға болмайтыны жөнінде кеңес айтты.Терроризмнің алдын алу мақсатында балаға бөгде адаммен қыдыруға ,сенуге болмайтынын айтып түсіндіру,ескерту керек.Мерекелік демалыс күндері ата-аналар балалардың қауіпсіздігін сақтап алдын алу керектігі түсіндірілді.

**ШЕШІМІ**:

1.Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі бойынша ережелер таныстырылды деп есептелінсін.

2**. ТЫҢДАЛДЫ**

**Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері** А.Кемелбекова мен С.Сарыбаева сөз алып балалармен ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының есебін айтып өтті.Балалар алғашқы келгеннен бақшаға бейімделіп,ортада өздерін еркін ұстап тәрбиешінің нұсқауымен түрлі іс-әрекеттерді қызығушылықпен орындайтынын айтты.Түстерді ажыратуға ,тура және кері санауға ойындар ережесін сақтауға, қарым-қатынасқа үйренген.Шығармашылық қабілеттері де дамуда .Сөздік қорлары көбейіп ,гигиеналық талаптарды өз беттерінше орындауға дағдыланған.

**ШЕШІМІ**:

2. Балалармен ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының есебі берілді. «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

**3. ТЫҢДАЛДЫ**

Келесі мәселе бойынша бөбекжай ата-аналары әртүрлі мәселелерді талқылады. Балалардың  тамақтануы,қатысуы төлем ақысы,ертеңгіліктерге қатысуы дайындығы жөнінде өзара ой бөлісіп пікір алмасты.

**ШЕШІМІ**:

3. Тәрбиеленушілер себепсіз бөбекжайдан қалмасын.Төлем ақысы уақтылы төленуі жалғастырылсын.

Ата аналар төрайымы: М.Маханова А.Адилбекова

Мүшелері: Г.Сапарова Ұ.Құрбанова

«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

# АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

## ХАТТАМА №3

**Өткізілген уақыты:** 28.05. 2024 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. «Балаңыз мектепке дайын ба?»сауалнамалар.
2. Бөбекжайдың жылдық есебі.
3. Ата-аналар сұрағының қанағаттанарлығы.

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Бірінші мәселе бойынша,**бөбекжай психологы Ж.Нуралиева сөз алып, «Балаңыз мектепке дайын ба?»деген тақырыпта сауалнама жүргізді. «Аяулым» ересек топтың ата-аналары сауалнама толтыруға белсене қатысты.Осы тақырып бойынша ой бөлісіп ,пікір алмасты.Бөбекжай психологы кеңес беріп өтті.

**ШЕШІМІ**:

1.Жүргізілген сауалнама байланысты кеңес беру жұмысы жалғастырылсын.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Келесі мәселе бойынша,**бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Г.Орынбаева сөз алып,2023-2024 оқу жылының есебін беріп өтті.Жалпы аяқталған оқу жылының мақсат міндеттері қанағаттанарлық деңгейде орындалғанын айтты.Балалардың қатысуы ,оқу тәрбие жұмыстарының уақтылы жүргізілуі ,күн тәртібі ,тамақтануы,жоспарға сайкес іс-шаралар барлығы талқыланып есебі берілді.

**ШЕШІМІ**:

2. 2023-2024 оқу жылының қортынды есебі берілді деп есептелінсін.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:**

**Келесі мәселе бойынша,**ата-аналар төраймы М.Маханова мен А.Адилбекова жалғастырды.Ата-аналар төрайымдарының атқарылған жұмыстарының есебі берілді.Осы жиналысты ата-аналар өзара ой бөлісіп,пікір алмасып қойылған

сұрақтардың жауабын талқылады.Бөбекжайға баланың бейімделуі,қатысуы төлемақысы,қабылдау және босату туралы ,жазғы демалыс т.б сұрақтар негізінде мәселелер талқыланды.Сондай-ақ жаз мезгіліндегі балалардың қауіпсіздігіне жауапкершіліктің болуы туралы түсіндірме жасады.

**ШЕШІМІ**:

3.Ата-аналар сұрағының жауаптары қанағаттанарлық деңгейде берілді деп есептелінсін.

Ата аналар төрайымы: М.Маханова А.Адилбекова

Мүшелері: Г.Сапарова Ұ.Құрбанова